



Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым
Министрлігі

М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік
университеті

“Химиялық инженерия және биотехнология” жоғары
мектебі



«Мыс өндіріс қалдықтарынан түсті металл
тұздарын алуды жобалау»

Орындаған: Қоблан Б.

Ғылыми жетекші: т.ғ.д., профессор Сатаев М.С.

Шымкент-2018ж

ЖҰМЫСТЫҢ ЖАЛПЫ СИПАТТАМАСЫ

Қазақстан Республикасының 2030 стратегиялық даму жоспарының және Елбасымыздың жолдауының басты мақсаты халықтың әл-ауқатын жақсарту болып табылатыны баршамызға аян. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Жердің табиғи ресурстарының шектеулілігі, түгесілуі жағдайында адамзат тарихындағы теңдесі жоқ тұтынудың өсуі әр бағыттағы, келеңсіз де, оң да үдерістерді үдете түседі. Бізге өз табиғи байлықтарымызға деген көзқарасымызды ой елегінен өткізудің принципті маңызы бар» делінген. Сондықтан, табиғи шикізаттарды сақтай отырып, өндіріс қалдықтарын өңдей отырып жаңа өнімдер алу мәселесі жолға қойылған және қазіргі кезде барлық дамыған елдердің ең маңызды мәселелерінің бірі болып табылады.

ЖҰМЫСТЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Қазіргі таңдағы маңызды проблемалардың біріне қалдықсыз технология негізінде алынған жаңа өнімдерді шығару, табиғи қосылыстарды тиімді жолдармен өңдеу, сондай-ақ өзімізді қоршаған ортаның ластануын алдын алу жодарын қарастыру жатады деуге болады. Қазақстан Республикасында жалпы металлургия өндірісі жақсы жолға қойылған және де осы салада түсті металдар өндіру жағынан ірі өндіріс орнындары бар. Осы өнеркәсіп орнында бірнеше маркалы көптеген металдар өндіру жүрумен қатар, көп мөлшерде құрамында көптеген қосылыстары бар өндірістің қалдықтары ретінде шлак көптеп жинақталып қалған. Осы өндіріс шлактарын өңдей отырып жаңа өнімдер алу ғылыми тұрғыдан өзекті мәселе болып табылады

ЖҰМЫСТЫҢ МАҚСАТЫ

Металл өңдеу өндірісі қалдықтарынан алынған металл хлоридтерін өңдеу арқылы түсті металл тұздарын алу технологиясын зерттеу.

Зерттеу жұмыстың міндеттері

1. Өнеркәсіп қалдықтарынан алынған хлорлы қосылыстарды өңдеу үрдісінің тиімді көрсеткіштерін анықтау;
2. Хлорлы металл қосылыстарын өңдеу үрдісінің тиімді көрсеткіштерін анықтап, технологиясын жасау

ЖҰМЫСТЫҢ ЖАҢАЛЫҒЫ

- Құрамында микроэлемент қосылыстарының жақсы сіңетін формалары бар аммофоска алу үрдісінің ғылыми негізі құрылды;
- Өндіріс қалдықтарын өңдей отырып, тыңайтқыш құрамына қосу әдістері анықталды.



5 – сурет. Аммофоска алудың зертханалық қондырығысы

МЕТАЛЛ ХЛОРИДТЕРІН ФОСФОР ҚЫШҚЫЛЫМЕН ЫДЫРАТУДЫ ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖОЛМЕН ЗЕРТТЕУ



Назарларыңызға рахмет!